«Қуат-құрылыс» ЖШС
ОҚО, Созақ а/ы,
Шолаққорған с., Абай көш. 57
СТН 581300211991
ИИК KZ 468210239812129205
БИК KINCKZKA
БСН 061140006154
«Банк RBK» АҚ
байланыс тел.:
+7 (7252) 41-60-97
+7 (701) 5959270

"Қуат-Құрылыс"

ТОО «Қуат-құрылыс»
ЮКО, Сузакскийр/н,
с. Шолаккорган, ул. Абая 57
РНН 581300211991
ИИК KZ 468210239812129205
БИК KINCKZKA
БИН 061140006154
АО «Банк RBK»
конт. тел.:
+7 (7252) 41-60-97
+7 (701) 5959270

Г.Шымкент **2018 года**

Исх. № 43
"01" 08 2018 г.

Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы
Б. Көшербайға

06.05.2018 жылы Мемлекеттік сатып алу веб-порталында жарияланған №2638219-1 " Сарыағаш ауданы Ошақты ауылдық округының Қаратал елді мекенінің электр қуатымен қамтамасыз ету құрылысы" ашық конкурсының 30.07.2018 жылғы қорытындылар туралы хаттамасы бойынша "Қуат-Құрылыс" ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі есепке алынбаған. Конкурсқа қатысуға берілген "Қуат-Құрылыс" ЖШС-нің құжаттамасында, біліктілігі туралы ақпаратпен электрондық көшірме актілерінде, 2009 жылдан бастап электр қуатымен жабдықтаудың құрылысы бойынша жұмыс тәжірибесі бар екендігі көрсетілген.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 155 тармақшасында айтылған:

Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай

(ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Конкурсқа қатысуға берілген "Қуат-Құрылыс" ЖШС-нің құжаттамасында барлық растайтын құжаттар көрсетілген.

Осы аталған кемшіліктерге байланысты Сізден, ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 47 бабына сәйкес, конкурстың қорытынды хаттамасын заңнама талаптарына сәйкестендіруге ықпал етуіңізді сұраймын.

"Қуат Құрылыс" ЖШС-нің директоры Р. Нұрмаханов